

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы N 189 Қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 тамыздағы № 502 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.08.2018 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 23, 288-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды" деген сөздер "Табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесі, жұмыс берушілерге рұқсат берудің шарттары мен тәртібінде (бұдан әрі - Ереже):

3-тармақтың 8) тармақшасында:

"өзен" деген сөздің алдынан ",теңіз және" деген сөздермен толықтырылсын;

"шетелдік ұйымдарға тиесілі" деген сөздер алып тасталсын;

12-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

Ережеге 8-қосымшада:

"теңіз кемелері экипаждарының мүшелері ретінде;" деген сөздер алып тасталсын;

Ережеге 9-қосымшада:

б) тармақшаның үшінші абзацындағы "теңіз кемелері экипаждарының мүшелері ретінде немесе" деген сөздер алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесінде:

тақырыбындағы "Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды" деген сөздер тиісінше "Табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бүкіл мәтін бойынша:

"олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды", "олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау", "олардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға", "олардың біліктілігін арттырудан және қайта даярлауды", "оларды біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан", "біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды" деген сөздер тиісінше "қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды", "қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру", "қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға", "қайта даярлаудан және олардың біліктілігін арттырудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтың екінші абзацынан басқа, "жұмыссыздарды", "жұмыссыздардың", "жұмыссыздар", "жұмыссыз" деген сөздер тиісінше "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдардың, сондай-ақ жұмыссыздардың", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандар және жеті жасқа дейінгі балалардың бағып-күтумен айналысатын адамдар, сондай-ақ жұмыссыздар", "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылған және жеті жасқа дейінгі балалардың бағып-күтумен айналысатын адам, сондай-ақ жұмыссыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

2) және 3) тармақшалар, 3) және 2) тармақшалар деп саналсын;

3-тармақтағы "жұмыссыздарға" деген сөз "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарға және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдарға, сондай-ақ жұмыссыздарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "жұмыссызбен" деген сөз "табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандармен және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адаммен, сондай-ақ жұмыссызбен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

12-тармақтағы "тіркелген" деген сөзден кейін "(өтініш берген)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК